

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті



1-КУРС СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН



НҰСҚАУЛЫҚ





Құрметті жас достар!

Міне, көптен күткен күн де келіп жетті! Енді сіздер толық сеніммен:

«Мен – студентпін!» деп айта алатын сәтке жеттіңіздер. Сіздерді Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне

оқуға түсулеріңізбен құттықтаймын!

Бүгін сіздер өмірлеріңіздегі жарқын, ерекше әрі жауапты кезеңге, яғни студенттік өмірге қадам бастыңыздар. Алда – қызықты білім жолы, тың жаңалықтар мен ғылыми ашылымдар, жаңа достар мен жарқын естеліктер, шығармашылық ізденіс пен өзін-өзі дамытудың шексіз мүмкіндіктері күтіп тұр. Бұл сіздер үшін күш-қуатқа, армандар мен идеяларға толы шақ.

Студент болу – мәртебе, сонымен қатар үлкен жауапкершілік. Осы жылдары сіздер білім мен тәжірибе жинақтап, кәсіби дағдыларды меңгерулеріңіз қажет. Бұл болашақта өз жолдарыңызды нық басып, жетістіктерге жетуіңізге негіз болатын баға жетпес капитал.

Әрқайсыңыз – дара тұлғасыздар. Өздеріңізге сенімді болыңыздар, батыл әрекет етіңіздер, жаңа идеялардан қорықпаңыздар. Оқуда, ғылыми жобаларда, қоғамдық және шығармашылық іс-шараларда белсенділік танытыңыздар. Өзіңізді әртүрлі бағытта сынап көріңіздер, қателесуден қорықпаңыздар – себебі ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді.

Барлық емтихандар мен сынақтар сіздер үшін оңай әрі сәтті өтсін.

Сынақ кітапшаларыңыз мақтанышқа айналып,

табысты оқудың жарқын үлгісі болсын!

Қымбатты студенттер, сіздерге сарқылмас жігер, білімге деген құштарлық пен таңдаған мамандығыңызға деген терең қызығушылық тілеймін. Есіңізде болсын: бүгінгі оқуыңыз – болашақтабыстарыңызға

салынған берік инвестиция.

Студенттік шақ – мүмкіндіктер кезеңі. Осы мүмкіндікті барынша тиімді пайдаланыңыздар.

Алдарыңызда – ашық әлем, шексіз көкжиек!

Ақ жол!

Ізгі ниетпен,

Құдайберген Жұбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры

Лаура Қарабасова



ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТ!

**Сізді Қазақстанның батыс аймағындағы іргелі оқу орны –
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне қабылдануыңызбен
шын жүректен құттықтаймыз!**

Оқу жылын сәтті бастау үшін 2024 жылдың 26-30 тамыз аралығында «Бағдарлау апталығына» белсенді түрде қатысуыңызды сұраймыз.

Апта ішінде сіз:

- ағылшын, қазақ/орыс тілдерінен пәндерінен диагностикалық тест тапсырасыз;
- 26-30 тамыз аралығында Академиялық күнтізбеге сәйкес жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастыру үшін оқу модульдеріне онлайн режимінде міндетті түрде тіркеліңіз!

Ең бастысы – сіз біздің «Platonus» жүйесін, «SMART ARSU» мобильдік қосымшасын қолдануды үйренесіз.

***Біз сіздермен әрқашан байланыстамыз.
Барлық сұрақтар бойынша факультет декандарына
және менторыңызға хабарласыңыз.***

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің (АӨУ) тарихы 1935 жылдың 1 қаңтарынан басталады.

Қазіргі таңда Жұбанов университеті – батыс өңірдегі білім, ғылым, ақпараттық және материалдық-техникалық базасы дамыған, заманауи талаптарға толық жауап беретін, бәсекеге қабілетті және жоғары білікті мамандар даярлайтын іргелі жоғары оқу орны.

Университеттің миссиясы – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен «кемел тұлғаны» қалыптастыру.

Жұбанов университеті Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды және Қазақстан Жоғары оқу орындары Ассоциациясының, Инженер-мұнайшылар халықаралық қоғамының (Society of Petroleum Engineers), сонымен қатар Беларусь және Қазақстан Республикалары ЖОО-ларының арасындағы ғылыми-білім беру конкорциумының ұжымдық мүшесі болып табылады.

Жұбанов университетінде ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізуге және Ақтөбе облысының өндірістік кәсіпорындарымен байланысты белсендіруге бағытталған «Инновациялық технологиялар паркі» жұмыс жасайды. Материалдық-техникалық базаны оқу ғимараттары, оқу-өндірістік алаңдары, Студенттер сарайы, Жастар сарайы, Мәңгілік ел залы, мұражай, спорт кешендері, студенттер үйі, студенттік емхана құрайды.



Оқу
ғимараты



Әкімшілік
ғимараты



Студенттер сарайы
Жастар сарайы



Студенттік
емхана



Спорт
кешені



Студенттер
үйі



Инновациялық
технологиялар паркі



«Зерек» балаларды
дамыту орталығы

Жұбанов университеті білім және ғылым саласында халықаралық деңгейде **Польша, Ресей, Түркия, Украина, Корея, Қытай, Тәжікстан, Белорусь, Қырғызстан, Болгария, Өзбекстан, Италия, Колумбия, Франция, Ұлыбритания, АҚШ, Чехия, Испания, Эстония** т.б. жоғары оқу орындары және ғылыми орталықтарымен өзара ынтымақтастықты дамытып отырады.



Университеттің барлық деңгейдегі **125 (бакалавриат (73), магистратура (43) және PhD докторантура (9))** білім бағдарламалары бойынша білім алушылар контингенті 13 мыңға жуық адамды құрайды.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті жыл сайын **«Атамекен»** Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы ұйымдастыратын рейтингке қатысады. Осы рейтинг нәтижелері бойынша **2023 жылы университеттен рейтингке қатысқан 50 ББ ішінен ТОП-10 құрамына университетіміздің 23 мамандығы енді.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Оқу процесі университеттің «PLATONUS» жүйесі арқылы жүзеге асырылады. «PLATONUS» жүйесін қолдану туралы нұсқаулық басты парақшасындағы “Хабарландырулар” бөлімінде орналасқан.
- «PLATONUS» білім беру порталына тіркелу университеттің arsu.kz сайтында қолжетімді.
- Білім алушылардың «PLATONUS» жүйесіндегі ақпаратты пайдалануы үшін жеке логин мен құпия сөзі (пароль) болуы тиіс. Логин мен құпия сөзді алу үшін менторыңызға хабарласасыз! Құпия сөзіңізді өзіңіз өзгертіп аласыз. Логин мен құпия сөзді өзіңіз жеке пайдалануыңыз керек, басқа тұлғаларға беруге қатаң тиым салынады!
- Құпия сөзді енгізу кезіндегі кездесетін кедергілердің бірі - құпия сөзді ауыстыру немесе жаңа құпия сөзді ұмытып қалған жағдайда құпия сөзді қалпына келтіру үшін менторыңызға хабарласуыңыз керек.
- Онлайн сабақтарға қатысу үшін студент интернет ресурстарымен қамтамасыз етілген мекен жайларда болуы қажет.
- Оқу процесі күндізгі оқыту формасына сәйкес жүзеге асырылады, әрбір семестрдегі оқу 15 аптаны құрайды, студент тапсырмаларды академиялық күнтізбеге сәйкес уақытында орындаулары міндетті, егер көрсетілген уақыттан кешіккен жағдайда сізге «PLATONUS» жүйесінде білім беру қызметі автоматты түрде тоқтап, академиялық қарыздар (сессия тапсыра алмау) жинақталады, академиялық қарыз ақылы түрде жазғы семестрде жүзеге асырылады.
- Білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша электрондық Силлабустарды, видеодерістердің ссылкасын (<https://arsu.mbook.kz/>) және пәннің оқу материалдарын толық меңгеруге арналған қосымша материалдарды студент өзіне тиесілі логин мен құпия сөзді енгізу арқылы «PLATONUS» білім беру порталынан жүктеп ала алады.
- СӨЖ тапсырмалары кесте бойынша орындалады және пән оқытушысымен міндетті түрде кері байланыс жасалады.
- Білім алушы білім беру процесін тиімді қолдануы және оқу пәндері бойынша өзбетіндік жұмыстарды орындауы үшін қажетті техникаларды - аудио-визуальды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдарын, т.б. пайдалана алады.
- Білім алушы ақпараттық технологиялық құралдармен, компьютермен сауатты жұмыс істей білуі тиіс.
- Әрбір курс пәндерін оқытудың көлемі кредитпен (3-7 кредит) есептеледі. Білім алушы барлық пәндер бойынша емтихан сессиясын тапсырмаған немесе білім жетістіктерінің нәтижесі (рейтинг, емтихан бойынша қорытынды баға) бойынша мейлінше төмен балл алған жағдайда курстан курсқа көшу үшін тиісті GPA балын жинақтай алмауы мүмкін. Пән толық игерілмей, қанағанаттанарлықсыз баға қойылған жағдайда «академиялық қарыз» болып саналады.
- 2 курсқа ауыстыру бірінші академиялық кезеңнің академиялық қарызсыз жүзеге асырылады.
- Бітіруші курсқа ауысу академиялық қарызсыз жүзеге асырылады.
- Академиялық қарызы бар білім алушылардың өтініші мен 100% төлемі негізінде жазғы семестр ұйымдастырылады.
- Академиялық қарызы бар білім алушылардың өтініші мен төлемі негізінде жазғы семестр ұйымдастырылады.
- Академиялық қарыздың ақысы әр пәннің кредитіне сәйкес анықталады.
- Білім алушылар үшін хабарландыру, ескертпе, «PLATONUS» жүйесінің басты парақшасындағы “Хабарландырулар”, “Хабарламалар” бөлімінде беріледі, оқу процесін ұйымдастыру туралы ережелер мен нұсқаулар zhubanov.edu.kz университет сайтына қолжетімді.
- Ақылы негізде білім алушылар оқуға төлемді келісім шартта көрсетілген мерзімде орындаулары міндетті, келісім шарт талаптары орындалмаған жағдайда оқудан шығарылады.

- академиялық кезең (Term) (терм) – семестр, триместр, тоқсан сияқты үш нысанның біреуін білім беру ұйымы өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;
- академиялық адалдық – оқыту мен бағалауда жеке адалдықты дамытатын құндылықтар мен принциптер жиынтығы. Сондай-ақ, жазбаша тесттер, курстық жұмыстар мен бітіру жұмыстары, емтихандар, эсселер, зерттеулер, презентациялар кезінде лайықты қылық ретінде түсіндірілуі де мүмкін;
- академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;
- академиялық күнтізбе (Academic Calendar) – оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;
- академиялық сағат – оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады;
- белсенді үлестірмелі материалдар (БУМ) (Hand-outs) – білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);
- білім алушылардың оқудағы жетістігі – білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті;
- білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;
- білім алушының академиялық рейтингі (Rating) (ретинг) – аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модулдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;
- білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – БӨЖ) – өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі – СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі – МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі – ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады;
- деканат - деканның, оның орынбасарларының және әр түрлі жұмыс бағыттарына жауап беретін әдіскерлердің бірлестігі. Әр факультетте өз деканаты бар. Деканаттың негізгі міндеттері: қабылдау комиссиясымен бірлескен жұмыс, факультетте оқу және тәрбие үрдістерін әзірлеу және бақылау, барлық қажетті ақпараттарды студенттерге уақытында жеткізу, студенттердің үлгерімін бақылау, барлық қажетті құжаттарды жүргізу және т.б.;
- жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы (ТжКОБ ұйымдары үшін үлгілік және оқу жұмыс жоспары негізінде) мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;
- ментор - студенттерге оқу, мансап, және жеке даму мәселелерінде бағыт-бағдар беретін тәлімгер.

- модуль – дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері;
- модульдік оқыту – білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы, оқу жоспары және оқу пәндері негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;
- оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;
- оқу пәніне жазу (Enrollment) – білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі;
- оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;
- негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор) – негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы;
- қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор) – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;
- оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОБӨЖ) – жеке кесте бойынша оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол - оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОДӨЖ) болып бөлінеді;
- постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) – зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері;
- пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;
- транскрипт (Transcript) (транскрипт) – кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат;
- силлабус – бұл студенттерге әр пән бойынша арналған жұмыс бағдарламасы. Силлабуста курстың қысқаша сипаттамасы, мақсаттары мен міндеттері беріледі, сондай-ақ игеретін құзыреттіліктері мен дағдылары көрсетіледі;
- тьютор – студентке нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық консультант рөлін атқарушы оқытушы;
- үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) – таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);
- элективті пәндер – жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер.



№1 оқу ғимараты М.Арын атындағы
Ә.Молдағұлова даңғылы мен
ағайынды ағайынды Жұбановтар көшесінің
қиылысында орналасқан.



№2 оқу ғимараты Б.Сүлейменов атындағы
Тургенев көшесі, 100 «А»
мекен-жайы бойынша орналасқан

№3 оқу ғимараты техникалық факультеті
ағайынды Жұбановтар көшесі №263

№4 оқу ғимараты
физика-математика факультеті

№5 оқу ғимараты
Экономика және құқық факультеті
Алтынсарин көшесі №4 үй

№6 оқу ғимараты Н.Байғанин атындағы
Гришина, 7 «А» үй



БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- Білім алушы ішкі тәртіп Ережелерін, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Жарғысын және оқу тәртібін қатаң сақтауға міндетті.
- Оқудың кредиттік жүйесіне сай студент тіркеу офісінің белгілеген кестесі бойынша оқу жоспарын толтырып, тапсыруға міндетті.
- Университет студенттері аудиторлық сабақтардың кестесіне сай жеке оқу жоспарында қарастырылған барлық сабақтарға қатысуға міндетті.
- Білім алушы өз оқу жетістіктерін және курстан курсқа өту GPA көрсеткішін есептеп, қадағалауға міндетті (есептеу формуласы "Платонус" жүйесінде бар).
- Білім алушы университеттен өз еркімен шығуға құқылы.
- Оқытудың кредиттік жүйесіндегі академиялық үлгермеушілігі бар студенттер пәндерді ақылы негізде қайта тапсыруға құқығы бар.
- Оқудан шығарылған білім алушы, егер бірінші академиялық кезең сәтті аяқталған болса, оқудан шығару мерзіміне қарамастан оқуын ақылы бөлімде қайта жалғастыруға мүмкіндігі бар.
- Егер барлық академиялық кезең академиялық қарызсыз аяқталған болса, студенттер оқу жоспарларындағы пән айырмашылықтарының көлемі ескеріле отырып, жоғарғы оқу орнының біреуінен екіншісіне, бір білім бағдарламасынан басқа білім бағдарламасына, оқу тілі бойынша ауысуына құқығы бар.
- Ақылы бөлімде оқитын білім алушы оқу жоспарындағы барлық пәндерден GPA көрсеткіші жоғары болған жағдайда босаған мемлекеттік грант үшін конкурсқа үміткер ретінде қатысуға құқығы бар. Конкурс ережелерімен «PLATONUS» жүйесінің басты парақшасындағы "Хабарландырулар" бөлімінде және университеттің ресми сайтынан, әлеуметтік желілердегі парақшасынан танысуға болады.
- Білім алушылар атаулы стипендиялар мен оқу ақысына берілетін түрлі жеңілдіктер үшін конкурстарға қатысуға құқылы (президенттік шәкірт ақы, облыс әкімінің стипендиясы, Жұбанов атындағы грант немесе стипендия және т.б.).
- Білім алушы жоғарғы оқу орнының қызметіне байланысты сұрақтарды талқылау және шешімдер қабылдау үшін ЖОО-ның алқалық басқару органдарына қатысуға құқылы.
- Білім алушы ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлеріне, конференцияларға, конкурстарға қатысуға, ЖОО-ның басылымдарында өзінің ғылыми жұмыстарын басылымға беруге, кітапхананың ақпараттық ресурстарын пайдалануға құқығы бар.
- Білім алушы білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес академиялық демалыс алуға құқылы.
- Білім алушы өзінің ұсыныстары мен өтініштерін алдымен факультет деканына ұсынады. Факультет декандары факультетте белгіленген күндері, академиялық және жеке сұрақтары бойынша білім алушыларды қабылдайды. Егер мәселе шешілмесе факультетке жауапты проректорға жолдауға құқығы бар.
- Даулы мәселе болған жағдайда қажеттілігіне қарай университетте арнайы комиссия құрылып, тиісті шешім қабылданады.

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫ:

- оқу процесінде өз пікірін еркін білдіруге;
- оқу және ғылыми ақпарат пен идеяларды алу және тарату еркіндігіне. Бұл құқықтардың жүзеге асырылуы ұлттық қауіпсіздікті, аумақтық тұтастықты немесе қоғамдық тәртіпті қорғау, басқа адамдардың беделін немесе құқықтарын қорғау және т. б. мүдделеріне қайшы келмейтін этикалық нормалармен және заңнамалық актілермен реттеледі.
- осы Кодексті бұзу бойынша негізсіз айыптаудан қорғану және дәлелдемелер ұсыну.

БІЛІМ АЛУШЫЛАР МІНДЕТТІ:

- ғылыми-зерттеу жұмыстар мен тапсырмаларды орындау кезінде академиялық адалдықты сақтау;
- ақпараттың сенімді көздерін пайдалана отырып, өз идеялары негізінде тапсырмалар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз бетінше орындауға;
- басқа адамдардың авторлығы мен идеяларын көрсету;
- басқа білім алушыларға көшіру үшін өз жұмыстарын ұсынбау;
- әр түрлі бақылау түрлерінің: ағымдық, аралық, қорытынды тапсырмалар орындау кезінде шпаргалка пайдаланбау және көшірмеу;
- Академиялық адалдық кодексін бұзу фактілері туралы, егер ол куә болса, осындай фактімен тікелей бетпе-бет келген не бұзушылық фактілерінің бірін жасау туралы ұсыныс алған жағдайда факультет басшылығына не сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне хабарлау.

АКАДЕМИЯЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ШАРАЛАР

Білім алушыларға академиялық бұзушылықтар үшін шаралар ауырлық дәрежесіне қарай өсу тәртібімен үш санатқа бөлінеді: I санат, II санат, III санат.

• I санаттағы бұзушылықтарға қолданылатын шаралар:

- бірінші тапсырмаға қарағанда күрделі қосымша тапсырманы орындау;
- Әдеп жөніндегі комиссияның шешімі бойынша басқа біреудің жұмысын иемденудің бірнеше жағдайы анықталған жағдайда (дереккөзге сілтемелердің немесе тиісті сілтемелердің болмауы) бағаланатын жұмыс үшін бағаны төмендету.

• II санаттағы бұзушылықтарға қолданылатын шаралар:

- плагиат, қайталаным, көшіру жағдайы анықталса, білім алушылардың бағаланатын жұмысының күшін жою және қайта бақылау бағалауды жүргізу.

• III санаттағы бұзушылықтарға қолданылатын шаралар:

- жазғы семестр кезеңінде курсты ақылы негізде қайта оқу;
- университеттен шығару; - университетке қайта түсу құқығынан айырып, оқудан шығару.

ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІ

- ✓ Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру білім беру ұйымының Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілетін Академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.
- ✓ Академиялық күнтізбеде оқу жылы ішіндегі оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа түрлерін өткізудің кезеңдері, демалыс күндері (демалыстар мен мерекелер) көрініс табады.
- ✓ Әр академиялық кезең білім алушылардың аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.
- ✓ Каникул білім алушыларға оқу жылы ішінде кемінде 2 рет беріледі.
- ✓ Оқу жұмысы көлемін жоспарлаған кезде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең болатыны негізге алынады. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.
- ✓ Бір қазақстандық академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) ECTS-тің 1 кредитіне (25-30 академиялық сағат) сәйкес келеді.
- ✓ Оқытудың кредиттік технологиясында білім алушының өзіндік жұмысы екі бөлімге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысқа (ОСӨЖ) және толық өзі орындайтын жұмыс (СӨЖ). СӨЖ-дің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.
- ✓ Әр оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады.
- ✓ Білім алушылардың оқу пәндеріне (Enrollment) жазылуына тіркеу офисі басшылық жасайды. Бұл ретте ұйымдастыру жұмыстарына, білім алушыларға ұйымдастыру- әдістемелік және консультация беру жұмыстарын жүргізуге менторлар тартылады.
- ✓ Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар «А»-дан «D»-ға дейін азаю арқылы және «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F») балдармен бағаланады. «FX» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің/модулдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие. «F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

1-КУРСТАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

II жартыжылдық

26 тамыз – 29 тамыз
2 қыркүйек – 26 желтоқсан
26 тамыз – 29 тамыз
2 қыркүйек – 12 желтоқсан
20 қазан – 24 қазан
08 желтоқсан – 12 желтоқсан
15 желтоқсан – 26 желтоқсан
29 желтоқсан – 9 қаңтар

Бағдарлау апталығы
I семестр
Элективті пәндерге жазылу, жеке оқу жоспарын бекіту
Теориялық оқыту
I межелік бақылау
II межелік бақылау
Аралық аттестация (қысқы емтихан сессиясы)
Қысқы демалыс

II жартыжылдық

12 қаңтар – 22 мамыр
12 қаңтар – 24 сәуір
2 наурыз – 27 наурыз
2 наурыз – 6 наурыз
20 сәуір – 24 сәуір
27 сәуір – 8 мамыр
11 мамыр – 22 мамыр
25 мамыр – 3 шілде
25 мамыр – 31 тамыз

II семестр
Теориялық оқыту
Элективті модульге жазылу, жеке оқу жоспарын бекіту
I межелік бақылау
II межелік бақылау
Оқу практикасы
Аралық аттестация (жазғы емтихан сессиясы)
Жазғы семестр
Жазғы демалыс

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

I жартыжылдық

26 тамыз – 29 тамыз
2 қыркүйек – 26 желтоқсан
26 тамыз – 29 тамыз
2 қыркүйек – 12 желтоқсан
20 қазан – 24 қазан
08 желтоқсан – 12 желтоқсан
15 желтоқсан – 26 желтоқсан
29 желтоқсан – 9 қаңтар

Бағдарлау апталығы
I семестр
Элективті пәндерге жазылу, жеке оқу жоспарын бекіту
Теориялық оқыту
I межелік бақылау
II межелік бақылау
Аралық аттестация (қысқы емтихан сессиясы)
Қысқы демалыс

II жартыжылдық

12 қаңтар – 22 мамыр
12 қаңтар – 24 сәуір
2 наурыз – 27 наурыз
2 наурыз – 6 наурыз
20 сәуір – 24 сәуір
27 сәуір – 1 мамыр
4 мамыр – 22 мамыр
25 мамыр – 3 шілде
25 мамыр – 31 тамыз

II семестр
Теориялық оқыту
Элективті модульге жазылу, жеке оқу жоспарын бекіту
I межелік бақылау
II межелік бақылау
Оқу практикасы
Аралық аттестация (жазғы емтихан сессиясы)
Жазғы семестр
Жазғы демалыс

- Жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде ментордың көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;
- Оқу пәніне жазу (Enrollment) – білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі.

ЖОЖ құру

Әр білім алушылар өзінің жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құрастырады, ал ол жоспар білім беру бағдарламасының және элективті пәндер каталогі (ЭПК) шеңберінде құрылады. Білім алушы өзінің оқу жоспарын тиісті білім деңгейіне сәйкес етіп құрап, оқу жоспары бойынша талап етілетін кредиттер санын жинауға міндетті.

Білім алушы ЖОЖ дайындауға және білім беру бағдарламасының оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсы толтық меңгеруіне жауапты. ЖОЖ білім алушының әр академиялық кезеңіне ментордың басшылығымен жасалады.

Өзінің ЖОЖ құрау кезінде білім алушы:

- оқу процесін кредиттік технология бойынша ұйымдастырудың ережелерімен танысуы тиіс;
 - «Platonus» жүйесіндегі білім беру бағдарламалары (ББ) бойынша жұмыс оқу жоспарымен (ЖОЖ) танысуы тиіс;
 - оқу пәндеріне тіркелудің белгіленген мерзімдерін сақтауы тиіс.
- Оқуға қайта қабылданған немесе басқа оқу орындарынан ауысып келген білім алушылар академиялық күнтізбеге сәйкес кезеңінде ЖОЖ-ды құрып, өзгерістер енгізуге болады.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУДЫ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

ЖОО-да білім алушылардың білім жетістіктерін бақылау жүйесіне мыналар жатады: ағымдық бақылау көрсеткіші (ағымдық және аралық бақылаудың қорытындысы), білім алушылардың аралық аттестаттау (емтихан) және қорытынды аттестаттау (кешенді емтихан, диплом жобасын қорғау).

Ағымдық бақылауды оқытушылар практикалық кезеңде, семинарлық, лабораториялық сабақтарда және ӨСӨЖ (студенттің оқытушымен жасалатын өздік жұмысы) мынадай формада жүргізеді: ауызша және аралас сұрақ, жазбаша бақылау, үй жұмысын қорғау, пікірталас, тренингтер, іскерлік ойындар, дөңгелек үстелдер, тестер және т.б.

Аралық бақылауды жүргізу бекітілген академиялық күнтізбенің оқу семестрінің 7 (немесе 8) және 15-апталарымен сәйкес келеді. Аралық бақылаудың қорытынды баллы ағамдық балдардың жиынтығының орташа балынан құралады.

Аралық аттестаттау түрлі формада: ауызша, жазбаша, тест және т.б. түрінде аралық аттестаттау мерзімінде өткізіледі (қысқы және жазғы емтихан кезінде).

Сіз, Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) өткізу туралы ережемен мына сілтеме арқылы таныса аласыз:

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/07/14/4.pdf>

Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар «А»-дан «D»-ға дейін азаю арқылы және «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F») балдармен бағаланады. «FX» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің/модулдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУДЫ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

«F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлері орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады. Білім алушылардың әр пән бойынша білім көрсеткіштері қорытынды бағалармен, рейтинг бағаларын қосып есептегенде, емтихан бағалары және бақылау бағалары қосылады. Қорытынды бақылаудың орташа бағасы (емтихан) пән бойынша білімі қорытынды бағаның 40% құрайды. Білім алушы қорытынды бақылауда (емтихан «қанағаттанарлықсыз» бағасын алғанда) пән бойынша емтиханның қорытынды бағасы есептелінбейді. Білім алушылардың білім нәтижесі барлық оқу тапсырмалардың бағалануы балдық-рейтинг әріппен таңбаланады.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ НӘТИЖЕЛЕРІН ӘРІПТІК ЖҮЙЕМЕН БАҒАЛАУ

Пайыз есебімен бағалау	Әріппен бағалау	Бағалаудың сандық баламасы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
95-100	A	4,0	Өте жақсы
90-94	A-	3,67	
85-89	B+	3,33	Жақсы
80-84	B	3,0	
75-79	B-	2,67	
70-74	C+	2,33	
65-69	C	2,0	Қанағаттанарлық
60-64	C-	1,67	
55-59	D+	1,33	
50-54	D	1,0	
25-49	FX	0,5	Қанағаттанарлықсыз
0-24	F	0	

Қорытынды бағаны көтеру мақсатында аралық аттестаттау кезінде (емтихан) қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Курс бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің орташа балы (GPA) оқу жылында жазғы семестрді қоса есептегенде шығады.

Білім алушы келесі курсқа өту үшін бекітілген GPA көрсеткішін курс бойынша жинауы тиіс.

GPA – САБАҚ ҮЛГЕРІМІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШІ

GradePointAverage- барлық оқытылатын пәндердің орташа бағасы.

GPA бойынша жоғары балл=4.0, ал 3.0-ден жоғарының бәрі жақсы баға болып саналады,

2.0 – «тәуекел аймағы».

GPA ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕУГЕ БОЛАДЫ? Мысалы:

Кредиттер саны	Бағаның пайыздық көрсеткіші	Сандық эквивалент
5	80	3,00
5	70	2,33
4	65	2,0

1. Барлық оқылған пәндердің кредиттер санын бағаның сандық эквивалентіне көбейтеміз:

$$5 \times 3.00 = 15.00$$

$$5 \times 2.33 = 11.65$$

$$4 \times 2.0 = 8$$

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

- Алынған мәндерді қосамыз: жалпы мәні $=15+11,65+8=34,65$
- Кредиттердің жалпы санын есептеп шығарамыз: $5+5+4=14$

GPA=	жалпы мәні кредиттің	34,65	2,48
	жалпы саны	14	

Осы формула бойынша семестрлік GPA есептеп шығаруға болады (жалпы мәні және 1 семестрдегі кредиттердің жалпы саны) және жылдық GPA есептеп шығаруға болады (жалпы мәні және бүкіл оқу жылындағы кредиттердің жалпы саны).

Сіз, GPA көрсеткішін алдын-ала автоматты түрде есептеу үшін «PLATONUS» жүйесіндегі “Қосымша” парақшасының “GPA Калькулятор” бөліміне өтіп, дайын формулаға өзіңіздің оқыған немесе оқитын пәндеріңіздің кредит мөлшері мен болжамды бағаңыздың пайыздық көрсеткіштерін енгізіп, GPA көрсеткішін анықтай аласыз:

https://platonus.zhubanov.edu.kz/v7/#/employee/gpa_calculator

Курстан курсқа көшіру үшін қажетті балл жинамаған білім алушы сол курсында қалады. Курстың толық көлемдегі бағдарламасын орындаған, бірақ курстан курсқа өту балын жинамаған (GPA) білім алушыға орташа балын көтеру мақсатында жазғы семестрде қайта оқуға мүмкіндік беріледі, кейбір пәндерді ақылы негізде қайтадан емтихан тапсыруға болады.

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

Үлгерімді ағымдағы бақылау кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері әрбір модуль бойынша силлабусқа сәйкес бағаланады.

Аралық бақылау қорытындысы автоматты түрде «Platonus» ААЖ де ағымдағы бақылаудың жиынтық балдарынан қалыптасады.

Сабақтың барлық түрлері бойынша ағымдағы бақылау (АБ) былайша айқындалады:

1	дәріс сабақтарын АБ=	Баға1+Баға2+ Баға3	x 0,1
		бағалау қарастырылған апта саны	
2	семинар/практика сабақтарын АБ=	Баға1+Баға2+ Баға3	x 0,3
		бағалау қарастырылған апта саны	
3	зертхана сабақтарын АБ=	Баға1+Баға2+ Баға3	x 0,3
		бағалау қарастырылған апта саны	
4	СОӨЖ/СӨЖ сабақтарын АБ=	Баға1+Баға2+ Баға3	x 0,3
		бағалау қарастырылған апта саны	

Орташа ағымдағы бақылау (АБ1 жалпы (АБ2 жалпы)) келесідей қалыптасады:

барлық сабақ түрлері бойынша ағымдағы бақылаудың бағалары салмақ үлесіне көбейтіледі: (дәріс сабақтарының $АБ \times 0,1$) + (семинарлық (практикалық) сабақтардың $АБ \times 0,3$) + (зертханалық сабақтардың $АБ \times 0,3$) + (СОӨЖ/СӨЖ $АБ \times 0,3$)

Аралық бақылау (АБ1(АБ2)) былайша қалыптастырылады:

ағымдағы бақылаулардың барлық түрлерінің бағалары жинақталады және сабақтардың барлық түрлері бойынша бағалардың жалпы санына бөлінеді: АБ1(АБ2) (дәріс сабақтарының АБ + семинарлық (практикалық) сабақтардың АБ + зертханалық сабақтардың АБ + СОӨЖ/СӨЖ АБ)/ Барлық сабақтар бойынша бағалардың жалпы саны сабақ түрлері.

Р1 (Р2) рейтингі келесідей анықталады:

$R1 (R2) \text{ рейтингі } (AB1 \text{ жалпы} (AB2 \text{ жалпы}) + AB1 (AB2)) / 2$

1	дәріс сабақтарын АБ=	Баға1+Баға2+ Баға3	x 0,1
		бағалау қарастырылған апта саны	
2	семинар/практика сабақтарын АБ=	Баға1+Баға2+ Баға3	x 0,6
		бағалау қарастырылған апта саны	
3	СОӨЖ/СӨЖ сабақтарын АБ=	Баға1+Баға2+ Баға3	x 0,3
		бағалау қарастырылған апта саны	

Аралық бақылау (АБ)

сабақ түрлерінің ағымдағы бақылауларын бағалаудан қалыптастырылады:

$AB = AB \text{ дәріс сабақтары} + AB \text{ семинарлық (практикалық) сабақтары} + AB \text{ СОӨЖ/СӨЖ}$

Р1 (Р2) рейтингі аралық бақылау (АБ) балдарына сәйкес анықталады:

$R1=AB1 \text{ Пән бойынша қабылдау рейтингі (ҚР) келесідей анықталады: } QR=R1+R2/2$

Пән бойынша қорытынды бақылауға (емтиханға) жіберу үшін:

1) Қабылдау рейтингі $QR \geq 50$ балл;

Курстық жұмыстың (жоба) балы ≥ 50 балл (болған жағдайда).

Қорытынды баға ағымдағы (салмақ үлесі – 0,6) және емтихан (салмақ үлесі – 0,4) бағалау сомасынан тұрады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Q = QR \times 0,6 + QB \times 0,4$$

бұл жерде РД – рейтинг допусқа;

QB – Қорытынды бақылау балы.

Білім беру гранты негізінде бірінші курста оқитын барлық студенттерге бірінші академиялық кезеңде мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады.

Бірінші семестрден кейін студент емтихан сессиясының қорытындысы бойынша (білімді бақылаудың барлық түрлерін қоса алғанда) тек «өте жақсы» - «А(95-100)», «А-(90-94)», «жақсы» - («В+(85-89)», «В(80-84)», «В-(75-79)», «С+(70-74)») деген баға алса ғана мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау және төлеу жұмыстары жүзеге асырылады. Көру және есту қабілеті нашар мүгедек студенттер, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз басқаның қамқорлығындағы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын балаларға мемлекеттік шәкіртақы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық қарыздары болмаған кезде ғана төленеді.

Мемлекеттік шәкіртақы тағайындау кезінде GPA емес, студенттің тек бағалары ғана ескеріледі. «Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысы негізінде (өзгертулер мен толықтырулар туралы 10.10.2022 №799 қаулы) (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000116_) мемлекеттік шәкіртақы бір оқу орнынан басқасына ауыстырылған студенттерге, магистранттарға алдыңғы семестр қорытындысы бойынша тағайындалады және төленеді.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС

Академиялық демалыс студенттерге келесі негізде берілуі мүмкін:

- ✓ Ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік - консультациялық комиссияның (бұдан әрі-ДКК) қорытындысы. Егер осы уақыт аралығында да білім алушының денсаулығына байланысты оқуға қосылуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, ДКК қорытындысы туралы анықтама негізінде қосымша 12 айға дейін академиялық демалыс мерзімі ұзартылады;
- ✓ Туберкулезбен ауырған жағдайда ұзақтығы 36 айдан аспайтын академиялық демалыс беріледі;
- ✓ Бала үш жасқа толғанға дейін туылған, асырап алған жағдайда академиялық демалыс беріледі;
- ✓ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына шақырылып, заңмен белгіленген жағдай бойынша әскери борышын өтеуге кеткендерге беріледі.

Білім алушыларға академиялық демалыс беру тәртібі туралы ереженің толық нұсқасымен мына сілтеме арқылы таныса аласыз:

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/10/18/7-kz-2.pdf>

Қосымша ақпарат алу үшін Студенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз!

(Бас оқу ғимараты, Молдагулова даңғылы, 34;

8-7132-562896, 87084716548

zhubanov_ssc@

zhubanov.edu.kz, Instagram: zhubanov_ssc).

АУЫСУ НЕМЕСЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ

- Жоғары оқу орындарының студенттері егер оқу бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін (1-семестр) академиялық қарызсыз, толық аяқтаған жағдайда пән айырмашылығы ескеріле отырып, басқа оқу орнына немесе басқа білім бағдарламасына, қайтадан оқуға қабыдануына мүмкіндігі бар.
- Бұл ретте ауысатын курсына академиялық қарызы бар білім алушылар бір ЖОО-дан екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыса алмайды.
- Білім алушыны «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы білім беру бағдарламаларының тобына ауыстыру және қайта қабылдау Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқыту тілі) және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырған кезде және нәтижелер бойынша белгіленген шекті балдан төмен емес балл жинаған кезде жүзеге асырылады.
- Білім беру гранты бойынша оқитын студенттің бір білім беру тобынан екіншісіне ауысуы барысында білім беру гранты сақталмайды.
- Білім беру грантына жалпы конкурс бойынша түскен студент басқа ЖОО-ға сол білім беру тобындағы білім бағдарламаларына өз грантын сақтай отырып, ауыса алады.
- Жекелеген ЖОО-лар үшін бекітілген білім беру гранттары бойынша, сондай-ақ бөлінген квота негізінде педагогикалық мамандықтарға түскен білім алушылар басқа ЖОО-ға ақылы негізде ауыстырылады.
- Білім беру гранты бойынша оқитын студент университеттегі білім беру тобы ішіндегі білім бағдарламаларына білім грантын сақтай отырып ауыса алады.
- Ауысу немесе қайта оқуға қабылдау каникул кезінде ғана жүзеге асырылады.

Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тәртібі туралы ереженің толық нұсқасымен мына сілтеме бойынша таныса аласыз:

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/07/14/6.pdf>

Қосымша ақпарат алу үшін Студенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз! Бас оқу ғимараты, Молдагулова даңғылы, 34; 8-7132-562896, 87084716548 zhubanov_ssc@zhubanov.edu.kz, Instagram: [zhubanov_ssc](#).

БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫНАН АЙЫРЫЛУ

БІЛІМ АЛУШЫ БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫНАН МЫНА ЖАҒДАЙЛАРДА АЙЫРЫЛАДЫ:

- егер де ол белгіленген GPA балл мөлшерін жинай алмай, курстан курсқа көшпеген жағдайда;
- өз еркімен оқудан шыққан жағдайда;
- білім беру бағдарламаларының бір тобынан екінші тобына ауысқан жағдайда;
- ішкі тәртіп ережелерін өрескел бұзуына байланысты оқудан шығарылған жағдайда.

Білім алушы университеттен мына жағдайларда шығарылады:

- ✓ Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін (<https://zhubanov.edu.kz/kk/education/category/25/>);
- ✓ ішкі тәртіп ережелерін және ЖОО Жарғысын бұзғаны үшін (оқу сабақтарын дәлелсіз себептермен жүйелі түрде өткізіп жіберуден көрінетін университетпен байланысты жоғалтқаны үшін, аралық бақылау кезеңінде жіберілген сағаттардың саны 60-тан астам, оқу тәртібін бұзғаны үшін...);
- ✓ білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде шартқа сәйкес белгіленген мерзімде оқу ақысын төлемегені үшін;
- ✓ басқа жоғары оқу орнына ауысуына байланысты;
- ✓ өз еркімен оқудан шығуына байланысты;
- ✓ академиялық демалыстан 2 апта ішінде оралмағаны үшін оқудан шығарылады.

Білім алушыларды оқудан шығару тәртібі туралы ереженің толық нұсқасымен мына сілтеме бойынша таныса аласыз:

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/10/18/7-kz-2.pdf>

Қосымша ақпарат алу үшін Студенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз! Бас оқу ғимараты, Молдагулова даңғылы, 34; 8-7132-562896, 87084716548 zhubanov_ssc@zhubanov.edu.kz, Instagram: [zhubanov_ssc](#).

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Халықаралық (сыртқы) академиялық ұтқырлық бағдарламасы – бұл студенттердің немесе оқытушылардың белгілі бір академиялық кезеңге (оқу немесе өндірістік практиканы өтуді қоса алғанда) зерттеушілердің қозғалысы, әдетте, семестр немесе оқу жылы бойынша басқа жоғары оқу орнына (шетелде) оқу немесе ғылыми зерттеулер үшін белгіленген оқу бағдарламаларын белгіленген тәртіппен өз мекемесіндегі кредит түрінде міндетті түрде қайта тіркеуден өткізеді.

Академиялық ұтқырлық студенттер мен магистранттардың ғылыми және кәсіби мүдделерінің кеңеюіне ықпал етеді, шетелдік жоғары оқу орнында ұзақ уақыт оқу үшін мүмкіндіктер жасайды. Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетекші шетелдік серіктес жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларымен үйлестіру маңызды фактор болып табылады. Университеттің мамандықтары бойынша оқу жоспарларын салыстыру негізінде оқу бағдарламаларын біріктіру арқасында халықаралық академиялық ұтқырлық Америка Құрама Штаттары, Еуропа, Оңтүстік-шығыс Азия мен Орталық Азияның жетекші университеттерімен жүзеге асырылды.

Құжаттарды қабылдау мерзімі:

- Күзде (көктемгі семестр): 1 қарашадан – 30 қараша
- Көктемде (күзгі семестр): 1 сәуірден – 30 сәуірге

Кімдер қатыса алады?

- 3-інші мен 6-ыншы семестр аралығында оқып жүрген студенттер (құжаттар тапсырған уақытта)
- 2-інші және 3-інші семестр аралығында оқып жүрген магистранттар (құжаттар тапсырған уақытта)

Академиялық ұтқырлық бағдарламасының қаржыландыру түрлері:

- 100% гранты оқу ақысын, тұру ақысын, жол ақысын (эконом ұшақ билеті), виза жарнасын төленеді.
- Студенттің өз қаражаты есебінен.

Іріктеу талаптары:

- конкурсқа қатысу кезіндегі ағымдағы оқу үлгерімі (транскрипт GPA 4,0-ден 3,0 кем емес);
- бағдарламаға байланысты B2 және одан жоғары деңгейде оқитын елдің шет тілін меңгеру деңгейі немесе шет тілі (мектеп, колледж) ретінде оқыту тілін растайтын диплом/транскрипт көшірмесі;
- оқу тәртібі мен этикалық нормаларды бұзу фактілерінің болмауы;
- басқа білім беру ортасында оқуға психологиялық дайындығы;
- университеттің ғылыми және қоғамдық өміріне белсенді қатысу.

Барлық сұрақтар бойынша Халықаралық ынтымақтастық департаментіне хабарласыңыз (Технопарк, 3 қабат).

ІШКІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ішкі академиялық ұтқырлық – бұл білім алушылардың бір семестр шеңберінде білім алу үшін ел ішіндегі басқа жоғары оқу орнына ауысуы. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасының негізгі мақсаты ғылыми қызығушылық пен кәсіби құзіреттіліктерді дамыту және ел ішіндегі басқа университеттермен байланысты кеңейту және тәжірибе алмасу, соның негізінде білім алушылардың отандық білім беру қызметі мен еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Іріктеудің негізгі критерийлері:

- үлгерімнің жоғары көрсеткіші (GPA);
- академиялық кезең аяқталғаннан кейінгі ағымдағы үлгерім;
- академиялық қарыздың болмауы;
- оқу тәртібін және этикалық нормаларды бұзбау;
- университеттің ғылыми және қоғамдық өміріне белсенді қатысу.

Ішкі академиялық ұтқырлықты жүзеге асыруға бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінің білім алушылары қатыса алады.

УНИВЕРСИТЕТ КІТАПХАНАСЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті кітапханасы пікірлестерге коммуникациялық және ақпараттық ортаға қолжетімділік қамтамасыз етіп, оқу-әдістемелік және ғылыми - зерттеушілік жұмыстарына қолдау көрсететін негізгі құрылымдық бөлім болып табылады.



Кітапхана залдары университеттің 5 оқу ғимаратында орналасқан. Әрбір оқу ғимаратында семестірге немесе оқу жылына оқулық берілетін абонемент, сонымен қоса өзіндік жұмыс пен көпшілікке қол жетімді оқу залдары жұмыс жасайды.

Жыл сайын кітапхана қоры жаңа оқулықтармен тұрақты толықтырылып отырылады. Университет ғылыми кітапханасының кітап қоры – 9 тілде жазылған 1 035 000 астам дана, оның ішінде қазақ тілінде 388 562 дана.

Сонымен бірге кітап қоры кітаптармен қатар, жылдық жазылым арқылы электронды ресурстармен толықтырылуда.

Web Ирбис бағдарламасы арқылы кітапхананың барлық ғимараттарындағы электрондық каталог бір жүйеде жасайды.

Қашықтықтан қолжетімділік жағдайын қамтамасыз ету үшін, кітапхана сайты library.arsu.kz, кітаптарды онлайн оқу үшін neb.arsu.kz, басылымдар дерекқорын және төменде көрсетілген электрондық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік берілген:

- Қазақстанның ашық университеті - openu.kz
- КазНЕБ - kazneb.kz РЖООАК - rmebrk.kz Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университеті - [https://elibrary.kaznu.kz/kk/](http://elibrary.kaznu.kz/kk/)
- ӘДІЛЕТ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - [https://adilet.zan.kz/kaz](http://adilet.zan.kz/kaz)
- Scopus - [https://www.scopus.com/](http://www.scopus.com/)
- ScienceDirect - [https://www.sciencedirect.com](http://www.sciencedirect.com)

2025 жылы университет кітапханасы жаңғыртудан өтіп, Амангелді Айталы атындағы ақпараттық-зерттеу хабы ашылды. Сонымен қатар Open Space форматындағы оқу аймақтары іске қосылып, RFID-технологиясы енгізілді — кітаптарды автоматты түрде тіркеу/тарату процестерін жеңілдетеді.

Кітапхана кеңістігінде bookmovie-талқылаулар, арт-терапия, coffee-time, үстел ойындары секілді шығармашылық-интеллектуалдық форматтағы іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады.

2024–2025 оқу жылдары оқу ғимараттарының реновациясы жүргізіліп, кітапхана тек оқу орны ғана емес, социализация мен шығармашылыққа арналған орталыққа айналды: оны конференция залы, топтық және жеке жұмыс бөлмелері, дыбыс жазатын студия, этнобұрыштар кеңейтіп отыр.

Кітапхананың онлайн режимдегі қызметтері:

- Кітапхананың <http://library.arsu.kz> сайтында оқырманның виртуалды сұраныстарын орындайтын «Jivosite» батырмасы арқылы «Библиографқа сұрақ» қызметі жұмыс жасайды;
- Өзіңізді қызықтырған сұрақтар бойынша библиографқа жүгіне аласыз;
- Нақты бір құжаттың кітапхана қорында бар екендігі туралы ақпарат ала аласыз.
- Сізге қажетті мақалалардың толық мәтінін және кітаптардың белгілі беттерінің сандық көшірмелерін алуға мүмкіндік жасаймыз.
- Кітапхана енді сенбі-жексенбі күндері де үзіліссіз жұмыс істейді, ал 24/7 форматындағы жұмысқа көшу – студенттердің сессиялар кезінде де материалдарға қолжетімділігін ұсынып тұр.

Егер сізде қосымша сұрақтар туындаса, кітапхана қызметкерлеріне:

Library-arsu@zhubanov.edu.kz, Instagram:zhubanov_kitaphana, қосымша тел: 87053803669 арқылы хабарласа аласыз.

Жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма күндері аралығында 9.30-18.00 үзіліссіз;

Демалыс күндері: сенбі, жексенбі. Әр айдың соңғы күні - тазалық күні.

Студенттерге қызмет көрсету орталығы (СҚКО) білім алушыларға «бір терезе» қағидасы бойынша әкімшілік, оқу-ағартушылық және кеңес беру қызметтерін көрсетіп келеді. Орталық жемқорлыққа қарсы оқу процесіндегі ақпараттық ашықтықты дамыту, қызмет көрсетуді оңтайландыру, өзара сыйластық қарым-қатынас мәдениеті мен ортаны қалыптастыру мақсатында ашылған.

Орталық білім алушыларға келесі бағыттарда қызметтер көрсетеді:

- транскрипт; - университетте оқытындығы жөніндегі анықтама;
- төлем орталықтарына анықтама; - қорғаныс істері жөніндегі басқармаға берілетін анықтама;
- құжаттар телнұсқасына өтініштер қабылдау және дайындау;
- дербес деректерді өзгертуге өтініштер қабылдау;
- оқуға қайта қабылдау туралы өтініштер мен құжаттарды қабылдау;
- оқуға ауысу туралы өтініштер мен құжаттарды қабылдау;
- академиялық демалысқа қатысты өтініштер қабылдау;
- өз еркімен оқудан шығу туралы өтініштер қабылдау;
- қорытынды аттестация тапсыру үшін оқуға қайта қабылдау туралы өтініштер қабылдау;
- жазғы семестрге қатысу үшін/академиялық қарызды жою үшін өтініштер қабылдау;
- сессия мерзімін ұзарту үшін өтініштер қабылдау;
- босаған білім гранттарына, президенттік стипендияға, әкім грантына өтініш қабылдау
- оқу ақысына қатысты өтініштер қабылдау (қалған ақшаны қайтаруға, қате төленген жағдайда, бөліп төлеуге);
- әр түрлі сұрақтар бойынша өтініштер қабылдау;
- шығу парағы;
- электронды студенттік билет;
- шәкіртақы жөнінде анықтама беру;
- білім беру қызметтерінің төлемақысы туралы ақпарат;
- келісім-шартқа отыру.

Білім алушыларға ыңғайлы болу үшін 16 қызмет түрі SMART ARSU мобильді қосымшасы арқылы онлайн ұсынылады.

СҚКО-да білім алушыларды қабылдау электронды кезек арқылы жүзеге асады.

Қызмет көрсету уақыты – 5-10 минут (кейбір қызмет түрлеріне 1-15 жұмыс күні).

Орналасқан жері: Ә.Молдағұлова даңғылы, 34, бас ғимарат, 1-қабат.


Тел: 87132562896, 87084716548

E-mail: zhubanov_ssc@zhunabov.edu.kz

Instagram: zhubanov_ssc

Жұмыс уақыты: 8:30-18:00 (түскі үзіліс 12:30-14:00)

Демалыс: сенбі, жексенбі.



Мекен-жайы:

Ақтөбе қаласы, Ағ.Жұбановтар көшесі, 280

телефон: 56-36-77;

argu.poliklinika@mail.ru

Ақтөбе өңірлік университетінде студенттік емханасы жұмыс істейді. Студенттерге медициналық қызмет көрсету студенттік емханада жүзеге асырылған. Студенттік емхана "Ақтөбе өңірлік университеті" КЕАҚ құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Емхана Ағайынды Жұбановтар көшесі, 280 мекенжайында орналасқан. 3 қабатты ғимарат жалпы ауданы 1009,2 шаршы метр. Емхананың қызметі университет пен колледж студенттерінің денсаулығын сақтауға бағытталған. Жұмыс "Дамумед" МИС бағдарламасы бойынша жүргізілуде. Емхана кесте бойынша 08.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді. Сенбі сағат 09.00 - ден 14.00-ге дейін. Инстаграм сайтында: poliklinika_argu_zhubanova дәрігерлердің ЖПД жұмысының барлық кестелері көрсетілген.

Емхананың 10.02.2014 ж. № 10843dd бас лицензиясы бар, оған алғашқы медициналық-санитарлық көмек, консультациялық-диагностикалық көмек көрсетуге медициналық қызметті жүзеге асыруға қосымшалар берілген.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде мамандандырылған емхана жұмыс жасайды.

Университет емханасы келесі бағыттар бойынша жұмыс жасайды:

- науқас студенттерді қабылдау (емханада, үйде, қашықтықтан)
- жыл сайынғы профилактикалық тексерулер жүргізу
- флюорографиялық тексеру
- консультацияға жолдамалар "емдеуге жатқызу бюросы" порталы арқылы жоспарлы және шұғыл тәртіппен емдеуге жатқызу
- диспансерлік бақылау
- профилактикалық вакцинация
- инфекция ошақтарын бақылау
- контактілерді бақылау
- санитарлық-ағарту жұмыстары (дәрістер, әңгімелер, дөңгелек үстелдер, бірлескен акциялар)
- медициналық құжаттаманы ресімдеу - бал.әскери комиссариатқа комиссия, ҰБТ, МАБ
- спартакиадаға қызмет көрсету (университеттік, республикалық, облыстық) - әскери-далалық жиындарға қатысу
- медициналық тексерістерден өткізу "жасыл ел", құрылыс отряд, археологиялық қазбалар, өндірістік тәжірибеге, жүзу бассейніне, жатақханаға.

Емхана медицина қызметкерлерімен қамтылған, қабылдауды барлық мамандар жүргізеді:

- **хирург**
- **невропатолог**
- **көз дәрігері**
- **гинеколог**
- **отоларинголог**
- **дерматолог**
- **эпидемиолог**
- **жалпы практика дәрігерлері**
- **рентгенолог**
- **зертханашы**
- **физиотерапевт**
- **кәсіптік патолог**

- психиатр
- Ультрадыбыстық диагностика дәрігері
- ЭКГ диагностикасының дәрігері
- дәрігер-медстатист

Емханада келесі кабинеттер жұмыс істейді:

- инфекциялық науқастарды қабылдауға арналған сүзгі
- науқастарды қабылдау кабинеттері
- клиникалық зертхана
- биохимиялық зертхана
- иммунопрофилактика кабинеті
- статистикалық кабинет
- физиотерапиялық
- таңу кабинеттері (таза және іріңді)
- қақырықты алу кабинеті
- зәр жинау кабинеті
- емдеу кабинеті
- ЦСО кабинеті, автоклав
- УДЗ кабинеті, ЭКГ - АИТВ/ЖИТС, ЖЖБИ-ге анонимді тексеру кабинеті
- флюорография кабинеті

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-дің барлық оқу ғимаратында медпункттар орналасқан.

Дәрігерге дейінгі көмек көрсету үшін жалпы ауданы 42,0 ш.м 5 медициналық пункттер бар, оған 2 кабинет кіреді: дәрігерге дейінгі қабылдау кабинеті және емшара кабинеті.

1. №1 оқу ғимаратында (а. Молдағұлова даңғылы 34)

2. №3 оқу корпусында (Тургенева 100а)

3. №5 оқу корпусында (Алтынсарин 4)


4. №6 оқу корпусында (Гришина 7а)

5. №4 колледждің оқу корпусында (Бөкейхан 15а)

1 курсқа түскен студенттерге: медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық көмек алу үшін Egov.kz ЭЦҚ көмегімен (электрондық цифрлық қолтаңба) портал арқылы студенттік емханаға тіркелу қажет. ЭЦҚ-ны жақын жердегі ХҚКО бөлімшесінен (Халыққа қызмет көрсету орталығы) немесе қашықтан egov.kz сайттан алуға болады. 18 жасқа толмаған адамдар үшін ата-анасының бірінің ЭЦҚ арқылы тіркелуге болады. Университетті бітіргені туралы диплом алғаннан кейін студенттер студенттік емханадан бастартып, тұрақты тұратын жері бойынша емханаға тіркелуі қажет.

Талапкерлерге: ЖОО-ға түскен кезде медициналық анықтаманың көшірмелері (075/у нысаны), флюорографияның суреті (6 айдан кешіктірмей), профилактикалық егу картасының көшірмелері (065/у нысаны) емханаға тапсырылады.

Қашықтықтан оқытылатын студенттер үшін флюорография бір жылға жарамды. Осы уақыт өткеннен кейін тіркелген жері бойынша емханада флюорографиядан өту қажет және оның көшірмесін электрондық поштаға жіберіңіз argu.poliklinika@mail.ru университеттің емханасына.



Жастар үйі (Дом Молодежи) 2017 жылы салынды. Бұл 9 қабатты ғимарат, ол 518-ге жуық студенттерді қабылдауға дайын. Жастар үйі қазіргі заманғы Smart Home технологияларымен жабдықталған, сонымен қатар кітапхана, оқу залы, студенттік кабинет, медициналық пункт, акт залы, санитарлық мақсаттар үшін (кептіру, үтіктеу, кір жуғыш машиналар, душ бөлмелері), тұрғылықты бөлмелер (электр плиталары, тоңазытқыш) бар және дамыту орталығы (баскетбол, волейбол, теннис үстелі). Әр секторда 2 бөлме (3-4 орындық) және жеке гигиена бөлмелері (ванна, дәретхана) бар. Жастар үйі жаңа технологиялармен (Wi-Fi желісі, бейнебақылау камералары, электронды кілттер, турникеттер) пайдалана отырып студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бақылау қызметімен жабдықталған. Олардың көмегімен байқаудың «Ахуалдық орталықпен» тікелей байланысы жүзеге асырылады.

№1 Студенттер үйі ағайынды Жұбановтар көшесі 280 мекенжайында орналасқан. Бес қабатты ғимарат 1979 жылы 5,516 шаршы метр алаңда салынған. Бұл жақта оқу залы, студенттер кабинеті, акт залы, электр плиталары мен тоңазытқыштары бар тұрмыстық техникалық бөлме, сондай-ақ санитарлық мақсаттағы бөлмелер (жуу, кептіру және үтіктеу), екі жуынатын бөлме (ерлер мен әйелдер үшін бөлек) бар. Сонымен қатар, студенттердің қауіпсіздігі мен бақылауын қамтамасыз ету үшін ең жаңа технологиялар қолданылады: бейнебақылау камерасы және турникет.

Студенттер үйі Wi-Fi желісімен қамтамасыз етілген, ситуациялық орталықтың көмегімен бейнекамералар тікелей байланыста жүзеге асырылады. Студенттер үйі 592 адамға арналған.

№2 Студенттер үйі Маресьева 78 мекенжайында орналасқан. 1968 жылы салынған. 5 қабатты ғимараттың ауданы 7,889,7 ш.м. Студенттер үйі 750 орынға есептелген. Мұнда оқу залы, студенттер кабинеті, акт залы, сонымен қатар санитарлық қажеттіліктерге арналған бөлмелер (үтіктеу және кептіру бөлмелері), қажетті жабдықтар электр плитасы, тоңазытқыш, кір жуғыш машина бар, душ және жуынатын бөлме бар. Сондай-ақ, бейнебақылау камералары мен турникеттермен жабдықталған.

№3 Студенттер үйі Гришин 7А мекен-жайында орналасқан. Бес қабатты ғимарат 2018 жылы пайдалануға берілді, жалпы ауданы 5.300 ш.м. Студенттер үйі 340 орынға есептелген. Әр қабат ас үймен, жуынатын бөлмесімен жабдықталған. Сонымен қатар кір жуатын бөлме, оқу залы, кинотеатр, компьютер бөлмесі, студенттер кеңесі және медициналық оқшаулау бөлмесі бар. Спорт алаңы жаттығу құралдарымен жабдықталған. Мұнда студенттердің қауіпсіздігі мен бақылауын қамтамасыз ету үшін бейнекамера және турникет сынды ең жаңа технологиялар қолданылады. Студенттер үйі Wi-Fi желісімен қамтамасыз етілген, «Ахуалдық орталық» бейнекамералары көмегімен тікелей байланыста басқару жүзеге асырылады.

Студенттік үкімет

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттік үкіметі студент жастардың тыныс-тіршілігінің маңызды мәселелерін шешуге, оның әлеуметтік белсенділігін дамытуға, әлеуметтік бастамаларды қолдау мен іске асыруға бағытталған мақсаттарды іске асыру үшін студенттердің өзін-өзі басқаруы бойынша құрылған студенттік өзін-өзі басқару ұйымы. Студенттік үкімет құрылымында 1 Студенттік президент, 10 факультеттік сенат, 30 студенттік мәжіліс клубы және 4 Студенттер үйінің тәртіптік кеңесі бар.

Студенттік сенат


1. Техникалық факультеттің студенттік сенаты;
2. Жаратылыстану факультетінің студенттік сенаты;
3. Педагогика және білім берудегі менеджмент факультетінің студенттік сенаты;
4. Тарих факультетінің студенттік сенаты;
5. Экономика және құқық факультетінің студенттік сенаты;
6. Филология факультетінің студенттік сенаты;
7. Шетел тілдері факультетінің студенттік сенаты;
8. Кәсіби-шығармашылық факультетінің студенттік сенаты;
9. Физика-математика факультетінің студенттік сенаты;
10. «Heriot-Watt» кампусының сенаты.

СТУДЕНТТІК МӘЖІЛІС

1. «Жұбанов жастары» студенттік театр клубы
2. «DEM» студенттік медиа клубы
3. «HWU IT Club» студенттік клубы
4. «Mad Vibe» студенттік клубы
5. «Sizzle» студенттік клубы
6. «Жас Қаламгерлер» студенттік клубы
7. «Заман біздікі» Интеллектуалды элиталар одағы
8. «DOSTYQ» студенттік клубы
9. «ARTHOUSE» студенттік клубы
10. «BigFam» студенттік би клубы
11. «Zhubanov Futsal» студенттік клубы
12. «Alash Orda» Интеллектуалды элиталар одағы
13. «ArsuStars» студенттік би клубы
14. «Zhubanov Volleyball» студенттік клубы
15. «Zhubanov Barysy» студенттік клубы
16. «Zhubanov Togyz qumalaq» студенттік клубы
17. «Zhubanov chess» студенттік клубы
18. «Shyraq» студенттік клубы
19. «Жастар рухы» жастар қанаты студенттік клубы
20. «Zhubanov Basketball» студенттік клубы
21. «Zhubanov Table Tennis» студенттік клубы
22. «Саналы ұрпақ» фронт-офисі
23. «Mental Health» студенттік психологиялық клубы
24. «Zhubanov Zhyluy» волонтерлар қозғалысы
25. «АҚЖЕЛЕҢ» оркестрі
26. «Студенттік хор»
27. «Самғау» студенттік би клубы
28. «Сырғалым» қыздар клубы
- 29.

СТУДЕНТТЕР ҮЙІНІҢ ТӘРТІПТІК КЕҢЕСІ

- Жастар үйінің тәртіптік кеңесі
- №1 Студенттер үйінің тәртіптік кеңесі
- №2 Студенттер үйінің тәртіптік кеңесі
- №3 Студенттер үйінің тәртіптік кеңесі



Мекен-жайы:

Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 34 (Бас оқу ғимараты, 3-5 қабат).

Деканат: 316-кабинет,

institut.pedagogiki.14@mail.ru

Кафедралар:

- Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту
- Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент
- Психология және арнайы педагогика

Педагогика факультеті бакалавриаттың 6, магистратураның 7 және докторантураның 1 білім бағдарламалары бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

6B01102-Психология және менеджменті;
6B01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу;
6B01301-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі;
6B01902-Арнайы педагогика;
6B03101-Психология;
6B03102-Клиникалық психология.

Магистратура:

7M01101-Педагогика және психология
7M01105-Педагогикалық өлшеулер
7M01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу;
7M01301-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі;
7M01902-Арнайы педагогика;
7M03101-Психология;
7M01106-Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық (IP)

Докторантура:

8D01301-Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі.

Білім алушылар төмендегі білім бағдарламалары бойынша мамандандырудың жеке траекторияларын таңдауға құқығы бар:

6B01902-Арнайы педагогика

Олигофренопедагогика;
Логопедия;
Сурдопедагогика.

6B03101-Психология

Психолог-кеңес беруші;
HR-менеджер.

Бірлескен білім беру бағдарламалары (М.Оспанов атындағы БҚМУ):

6B03102-Клиникалық психология

Major - Minor бағдарламалары:

6B01301-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі/(Minor: 6B01902-Арнайы педагогика (логопедия))



КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен-жайы:

Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 34 (Бас оқу ғимараты, 1-2 қабат).

Деканат: 2-қабат, 211-кабинет,
fakultet_prof_tvor@mail.ru

Кафедралар:

- Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі
- Дене тәрбиесі
- Көркем еңбек және дизайн
- Музыка және хореография

Кәсіби-шығармашылық факультеті бакалавриаттың 8 және магистратураның 3 білім бағдарламалары бойынша мамандар дайындайды.

Бакалавриат:

6B01401-Музыкалық білім;
6B01404-Дене шынықтыру және спорт;
6B01406-Көркем білім (IP);
6B01407-Еңбекке баулу және кәсіпкерлік негіздері (IP);
6B02101-Хореография;
6B02102-Дизайн;
6B07207-Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы.
6B11102-Мәдени-тынығу жұмысы.

Магистратура:

7M01404-Дене шынықтыру және спорт;
7M01405-Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау.
7M01401-Музыкалық білім.

Білім алушылар төмендегі білім бағдарламалары бойынша мамандандырудың жеке траекторияларын таңдауға құқығы бар:

6B02102-Дизайн:

Сәулеттік дизайн;
Графикалық дизайн;
Сән дизайны.



ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен - жайы:

Ақтөбе қаласы, Ағ.Жұбановтар көшесі, 263.

Деканат: 305-кабинет,
fakultet_fizmat@mail.ru

Кафедралар:

- Информатика және ақпараттық технологиялар
- Математика
- Физика

Факультет бакалавриаттың 8, магистратураның 7 және докторантура 2 білім бағдарламасы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

6B01501-Математика;
6B01504-Физика (IP);
6B01503-Информатика;
6B05301-Физика;
6B05401-Математика;
6B06103-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету;
6B06105-Компьютерлік инженерия;
6B06106-IT-медицина.

Магистратура:

7M01501-Математика;
7M01502-Физика;
7M01503-Информатика;
7M05301-Физика;
7M05401-Математика;
7M06102-Ақпараттық жүйелер;
7M06103-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету.

Докторантура:

8D05301-Физика;
8D05401-Математика

Факультетте 6B01504-Физика (IP), 6B01503-Информатика білім бағдарламаларында білім беру көптілділік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушылар төмендегі білім бағдарламалары бойынша мамандандырудың жеке траекторияларын таңдауға құқығы бар:

6B06103-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету:

- Робототехникалық жүйелер;
- Программалық инженерия.

6B05401-Математика:

- Актуарлы математика;
- Статистикалық математика

Бірлескен білім беру бағдарламалары (М.Оспанов атындағы БҚМУ):

6B06106-IT-медицина



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен-жайы:

Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 34, (Бас оқу ғимараты, 6-8 қабат).

Деканат – 6-қабат, 613-кабинет,
zharatylystanu.arsu.edu@mail.ru

Кафедралар:

- Биология
- Химия және химиялық технология
- Экология

Факультет бакалавриаттың 7 және магистратураның 4 білім бағдарламасы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

6B01514-Химия (IP);
6B01533-Биология (IP);
6B05101-Биология;
6B05102-Биотехнология;
6B05201-Экология;
6B05302-Химия;
6B07206-Азық-түлік өнімдерінің технологиясы.

Магистратура:

7M01504-Химия;
7M01505-Биология;
7M05101-Биология;
7M05201-Экология.

Факультетте 6B01514-Химия (IP) және 6B01533-Биология (IP) білім бағдарламаларында білім беру көптілділік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.



ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен-жайы:

Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 100 А.

Деканат: 204-кабинет,
fistorii@mail.ru

Кафедралар:

- Тарих және дінтану
- География және туризм
- Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-саяси пәндер

Факультет бакалавриаттың 5, магистратураның 3 және докторантураның 1 білім бағдарламасы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

6B01506-География;

6B02201-Тарих;

6B05203-Ландшафтық жобалау;

6B11101-Туризм;

6B01603-Тарих және қоғамтану (IP).

Магистратура:

7M01506-География

7M01601-Тарих;

7M02201-Тарих.

Докторантура:

8D02201-Тарих.



ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен-жайы:

Ақтөбе қаласы, Гришина көшесі, 7А.

Деканат: 206-кабинет,
filologiya83@mail.ru

Кафедралар:

- Қазақ әдебиеті
- Тіл теориясы және қолданбалы тіл білімі
- Орыс филологиясы және мәдениетаралық коммуникация

Факультет бакалавриаттың 3, магистратураның 3 және докторантураның 1 білім бағдарламасы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті;

6B01702-Орыс тілі мен әдебиеті;

6B02304-Филология: қазақ филологиясы.

Магистратура:

7M01701-Қазақ тілі мен әдебиет;

7M01704-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті;

7M02304-Филология.

Докторантура:

8D02304-Филология;

Major - Minor бағдарламалары:

6B02304-Филология: қазақ филологиясы / Журналистика;

6B02304-Филология: қазақ филологиясы / PR-менеджмент.



ФАКУЛЬТЕТ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ

Мекен-жайы:

Ақтөбе, Гришина к-сі 7А.

Деканат: 113-кабинет,

flanguages.arsu@gmail.com

Кафедрлар:

- Ағылшын және неміс тілдер
- Шетел филологиясы және аударма ісі
- Әлем тілдері

Факультет бакалавриаттың 4 білім беру бағдарламасы, магистратураның 3 білім беру бағдарламасы және докторантураның 1 ББ бойынша кадрлар даярлайды:

Бакалавриат:

6B01706- Шетел тілі: екі шетел тілі;

6B01708-Ағылшын тілі (IP)

6B02302-Аударма ісі;

6B02303-Шетел филологиясы;

Магистратура:

7M01706- Шетел тілі: екі шетел тілі;

7M02303-Шетел филологиясы;

7M02302-Аударма ісі.

Докторантура:

8D02303-Шетел филологиясы.

Білім алушылар келесі білім беру бағдарламалары бойынша мамандандырудың жеке траекториясын таңдауға құқылы:

6B02302-Аударма ісі:

Ағылшын тілі;

Қытай тілі.

Major - Minor бағдарламалар:

6B02303-Шетел филологиясы / Цифрлық БАҚ тілі;

6B02303- Шетел филологиясы / Қызмет көрсету саласындағы ағылшын тілі.



ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен-жайы:

Ақтөбе қаласы, Ы.Алтынсарин көшесі, 4.

Деканат – 2-қабат, 211-кабинет,

ecnomfak-92@mail.ru

Кафедралар:

Құқықтану

Экономика және менеджмент

Жергілікті басқару, қаржы және маркетинг

Факультет бакалавриаттың 6, магистратураның 7 және докторантураның 1 білім бағдарламасы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

6B04101-Экономика;

6B04102-Менеджмент;

6B04103-Есеп және аудит;

6B04104-Қаржы;

6B04105-Мемлекеттік және жергілікті басқару;

6B04201-Құқықтану.

Магистратура:

7M04101-Экономика;

7M04107-Менеджмент БББ;

7M04105-Мемлекеттік және жергілікті басқару

7M04119-Іскерлік әкімшілік жүргізу;

7M04104-Қаржы

7M04121-Цифрлық маркетинг

7M04201-Құқықтану.

Докторантура:

8D04101-Экономика;

Білім алушылар төмендегі білім бағдарламалары бойынша мамандандырудың жеке траекторияларын таңдауға құқығы бар:

6B04201-Құқықтану:

Азаматтық құқық;

Қылмыстық құқық.

6B04101-Экономика:

Кәсіпорындағы экономика;

Әлемдік экономика.

6B04103-Есеп және аудит:

Экономиканың нақты секторындағы бухгалтерлік есеп;

6B04104-Қаржы:

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы;

Қаржы нарығы.

6B04105-Мемлекеттік және жергілікті басқару:

Мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын басқару;

Мемлекеттік саясат және басқару.

Major - Minor бағдарламалар:

7M04201-Құқықтану: / Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың экономикалық-құқықтық мәселелері (орыс тілінде) (Minor);

7M04201-Құқықтану: / Сыбайлас жемқорлық; жұқпалылық, қарсы іс-қимылдың салдары мен әдістері (қазақ тілінде) (Minor);

7M04201-Құқықтану: / Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру (орыс тілінде) (Minor);

7M04201-Құқықтану: / Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процестерін мемлекеттік басқару (қазақ тілінде) (Minor) Бірлескен білім беру бағдарламалары (Клайпеда университеті (Литва));

7M04107-Менеджмент



ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ

Мекен-жайы:

Ақтөбе қаласы, Ағ.Жұбановтар көшесі, 263.

Деканат – 2-қабат, 34-кабинет,
tehfak2013@mail.ru.

Кафедралар:

- Мұнай газ ісі
- Metallургия және тау-кен ісі
- Көлік техникасы, тасымалдауды ұйымдастыру және құрылыс

Факультет бакалавриаттың 8, магистратураның 6 және докторантураның 2 білім бағдарламасы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

6B07101-Көлік, көлік техникасы және технологиялары;
6B07106-Электрэнергетика;
6B07107-Автоматтандыру және басқару;
6B07201-Тау-кен ісі;
6B07210-Мұнай газ ісі;
6B07203-Mеталлургия;
6B07301-Құрылыс;
6B11301-Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру.

Магистратура:

7M07101-Көлік, көлік техникасы және технологиялары;
7M07106-Электрэнергетика;
7M07201-Тау-кен ісі;
7M07202-Мұнай газ ісі;
7M07203-Mеталлургия;
7M07102-Органикалық заттардың химиялық технологиясы.

Докторантура:

8D05302-Замануи материалдардың химиясы мен технологиясы
8D07203-Металлургиялық инженерия

Білім алушылар төмендегі білім бағдарламалары бойынша мамандандырудың жеке траекторияларын таңдауға құқығы бар:

6B07201-Тау кен ісі:

Пайдалы қазбалар кен орындарын жерасты қазу;
Пайдалы қазбаларды байыту.

6B07202-Мұнай газ ісі:

Мұнай және газ кенорындарын игеру және пайдалану;
Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау;
Мұнайхимия өндірісінің технологиясы.

6B07203-Металлургия:

Ферроқорытпалар металлургиясы;
Металлургиядағы рециклинг.

6B11301-Көлікті пайдалану және жүк көзғалысымен тасымалдауды ұйымдастыру:

Теміржол көлігі;
Автомобиль көлігі.



HERIOT WATT ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен-жайы:

Ақтөбе қаласы, Ағ.Жұбановтар көшесі, 263.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасында әлемдік жетекші университеттердің бірі Heriot-Watt-пен серіктестікте халықаралық Heriot Watt факультеті ашылуда. Факультет бакалавриаттың 3 білім беру бағдарламасы бойынша мамандар дайындайды.

6B06107-Компьютерлік инженерия (ҚР+UK)

6B07209-Мұнай инженериясы және энергоменеджмент (ҚР+UK)

6B07108-Электрэнергетика (ҚР + UK)

